

ӘОЖ 340 (075.8)

**М. Е. УАЛИЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӨНДЕР
КАФЕДРАСЫНЫҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ**

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстан милициясы

Аннотация. Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан милициясының рөлі және ішкі істер органдары қызметкерлерінің ерен еңбектері жөнінде қарастырылады.

Түйін сөздер: директива, ПХК, КСРО, контрабанда, мобилизация, КПОК (б), мародер, диверсант.

Соғыс уақытындағы қазақстандық милиция болашақ ұрпақ үшін маңызды орын иеленді. Бейбіт болашақ үшін күрес жүргізген, өздерінің өмірін қатерге тіккен, болашақтың жарқын өмірі үшін тылда жұмыс істеген тұлғаларды мәнгілікке есте сақтау қажет. Ұлы Отан соғысында кеңес халқының женісі үшін қазақстандық милиция да зор үлес қости.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев: «Полиция қызметкерлері — адамның құқығы мен бостандығын қорғай отырып, қылмыспен күресте алдынғы қатарда тұратын адамдар» болғандықтан бұл мәселелер барлық мемлекеттің құқық қорғау жүйесіне, оның ішінде ішкі істер органдарына да тікелей қатысты. Мемлекетіміздің осы уақытта болашаққа батыл қадам жасау себебінің бірі — оның уақыт сынағымен тексерілген құқық қорғау жүйесі органдарының адал қызметіне деген сенімділігі.

Биыл Ұлы Женіске — 70 жыл. Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес Одағының құқық қорғау органдарын қаншама сынасақ та, олардың атқарған қызметтері орасан зор екенін ұмытпауымыз қажет.

Кеңес үкіметі қазақстандық милиция қызметкерлерінің еңбектерін жоғары бағалады. Берген антын адал атқарғаны үшін, фашизммен күрес барысында өз Отанына адал болғаны үшін мындаған милиция қызметкерлері медальдармен марапатталды.

1941 жылдың 22 маусымында жауалау әрекеттерін жасамау туралы шартты бұза отырып, фашисттік Германия КСРО аумағына бас салды. Бұл соғыс ПО үшін күрделі сынақ болды. Қылмыстық жағдайдың нашарлауы, халық санының КСРО-ның батыс аймағынан қоныс аударылған, территорияға жауланған және майдан маңы аймақтардан қашып келген қылмыскерлердің өтуі, қараусыз және бақылаусыз қалған кәмелетке толмағандар санының өсуі, тәжірибелі милиция қызметкерлерінің көп бөлігінің майданға жіберілуі — ішкі істер органдарының барлық қорларын мобилизациялауын қажет етті.

Халықтың күшін біріктіру және мобилідендіру үшін 1941 жылы Мемлекеттік Қорғаныс комитеті құрылды. Оның міндеттерінің бірі ішкі істер органдарының және өзге де құқық қорғау органдарының қызметін қадағалау болды. 1941 жылдың 20 шілдесінде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумның КСРО-ның мемлекеттік қауіпсіздігін ұлттық комисариатқа қосу және КСРО Ишкі Истер Халық Комисариатын біріктендіру туралы Жарғысы қабылданды. Бұл елдегі мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға негіз болды.

КСРО ПХК милиция Бас басқармасы милиция құрылымдарымен қоғамдық тәртіпті ретке келтіретін ұйымдық шаралар жүргізді. Соғыс уақытында милиция қызметкерлері демалысқа шыға алмайтын. Олар үйлерді, поездарды, тұрғындардың құжаттарын тексеру барысында шпиондарды ұстайтын. 1941 жылдың 30 қыркүйектегі КСРО ПХК Жарлығы бойынша, КСРО ПХК құрамында бандитизммен күрес жүргізу бөлімі, ал 1942 жылдың наурыз айында ПХК облыстық басқармаларда сәйкес келетін бөлімшелер мен топтар құрылды. ҚазКСР ПХК-мен Шығыс Қазақстан және Семей облыстарының ПХКБ-ның милиция басқармаларында контрабандамен күрес жүргізу топтары ұйымдастырылды. Милиция міндеттері ерекше түрде кеңеңе түсті. Оларға мародерлармен, жалған ақпарат таратушылармен күрес жүргізу; қалаларды қылмыстық элементтерден тазарту; ПХК

транспорт мәселесіне байланысты көмек көрсету; бұйрықтардың орындалуын қамтамасыз ету және т.б. міндеттер жүктелді. Теміржол және су жолымен өту үшін рұқсат қағаздар беру, қоныс аударылғандарды есепке алу, оларға тұған-тыстарын іздестіруге көмек көрсету үшін КСРО ПХК милиция Бас басқармасының төлкүжат аппараты бөлім құрамында Орталық анықтамалық бюро ұйымдастырылды¹.

1941 жылғы 7 шілдеде шыққан директиваға сәйкес милиция қызметкерлері кез келген қақтығысқа дайын болуы тиіс, сонымен қоса олар Қызыл Армиямен бірге жұмыс істеп, әскери тактикармен байланыста болуы керек. Әскери аумақ деп жарияланған жерлерде милиция қызметкерлері ең басты маңызды объектілерді қолға алды, күзеттін және майдан маңындағы аудандарда казармалы тұрге ауысып, қарсылас агенттермен құресу үшін жедел топтар құрды².

Ұлы Отан соғысы жылдарында қылмыстық іздестіру бөлімі қылмыстарды тергеумен, ұрлықтарды, шпиондарды анықтаумен айналысып, мемлекеттік қауіпсіздік органдарына өз көмегін тигізді. Құрес жүргізу аппараттары әскерлерге, жергілікті тұрғындарға қажетті азық-түліктерді орнына жеткізілуіне, әлеуметтік мешіктірдің ұрланбауына ерекше назар аударды.

Мысалы, З. А. Агибаев 1943 жылдары Гурьев облысында бандиттік топтарды жою барысындағы сәтті операция үшін, ал С. И. Исаков 1943 жылы мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіптегі ерлігі үшін және 1944 жылы Солтүстік Қазақстан облысында 5 бандиттік топты құрықтағаны үшін «Данқ» орденімен марапатталды.

Қылмыстық іздестіру бөлімі қылмыстарды тергеумен, ұрлықтарды, шпиондарды анықтаумен айналысып, мемлекеттік қауіпсіздік органдарына өз көмегін тигізді. Құрес жүргізу аппараттары әскерлерге, жергілікті тұрғындарға керек азық-түліктердің орнына жеткізуге, әлеуметтік мешіктірдің ұрлануына ерекше назар аударды. Мемлекеттік автокөлік инспекциясы өзінің шамасы жеткенше Қызыл Армияға керекті транспорттармен, тракторлармен, мотоциклдермен қамтамасыз етті, әскерге жіберілетін автокөліктердің техникалық жағдайын қарап, бақылады.

1941 жылғы 17 қыркүйектегі МҚК-нің «КСРО азаматтарын міндетті әскери оқуға үйрету туралы» Қаулысының негізінде милиция бөлімшелерімен сабак жүргізілді. Оларды қақтығыс кезінде қаруды, винтовканы, пулеметті қолдануға, өз-өзін қорғауға үйретті.

1943 жылдың басында республикалық ПХК өз құрамында 14 облыстық милиция басқармаларын, 3 қалалық және 2 аудандық бөлім, 192 аудандық және Алматы қалалық бөлімшесі болды. 1944 жылды жаңадан Талдықорған және Қекшетау облыстық милиция басқармасы мен 7 аудандық және ауылдық милиция бөлімшелер қатары құрылды. Бұл кезеңде Қазақстан милиция басқармасының негізгі бөлімшелері — саясат бөлімі, қылмыстық іздестіру бөлімі, ұрлық және спекуляциямен құрес жүргізу бөлімі, төлкүжат және мемлекеттік автокөлік инспекция бөлімдері болып табылды.

Архив деректері бойынша, милицияның кадрларды іріктеу кезінде үлкен көңіл көпүлтты Қазақстанда аса маңызға ие болған ұлттар арасындағы теңдікті сақтау принципіне бөлінді. 1944 жылдың басында республиканың милиция органдарында 26 ұлт өкілдері қызмет атқарды, оның ішінде 44,5 % — орыстар, 34,5 % — қазақтар. Тұрғындардың көп бөлігін қазақтар құрған аймақтарды Ішкі істер органдарының жергілікті ұлт өкілдерімен толықтыру шаралары жүргізілді. 1943 жылдың 3 наурыздағы ҚазКСР ПХК өтініші бойынша Қазақстан КПОК(б) 150 коммунист пен комсомол қазақтарды ПХК органдар жұмысына арнап мобилизациялау туралы шешім қабылдады.

Ұлы Отан соғысы уақытында Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында көптеген курстар, семинарлар жүргізіліп отырды. Мысалы, ПХК милициясы оқу мектебі — оқу мерзімі 9 ай, облыс аралық Алматы милиция мектебі — оқу мерзімі 3 ай.

ІО-ын толықтыру көзі қызметтін жедел чекисттік резерв, ПХК және Қызыл Армия әскерінен денсаулық жағдайына байланысты демобилизацияланған тұлғалар, ПХК және милиция мектептері мен курсарының түлектері, зейнеткерлер мен үй шаруасындағы әйелдер атқарды. Көптеген білікті жұмыскерлерді мобилизациялау, үлесі көп жаңа

қызметкерлердің кәсіптік пен жалпы білім дәрежесінің төмен болуы, жұмыс істеу жағдайының күрделене түсіү қылмыс санының көбеюі, кадрлардың тұрақтамауы — барлығы милиция қызметкерлерінің жалпы және кәсіптік дайындық деңгейін көтеру, оның құрылышы мен әдістемелерін жетілдіру, оларды соғыс уақытына сай сәйкестендіруді талап етті.

Кеңес Одағы өзге аудандарынан қашқан немесе жер аударылған қылмыстық элементтерінің республика территориясында шоғырлануымен, қоныс аударылған тұлғалардың жаппай ағылып көшуі, кәмелеттік жасқа толмағандарды бақылау мен қадағалаудың аздығы, фашисттік блок мемлекеттерінің КСРО-ның түпкі тылына жіберген және эвакуацияланған ағымдар арқылы шоғырланған шпиондары мен диверсанттардың бүлінушілік жасау әрекеттеріне байланысты Қазақстанда қылмыс саны өсті, бұл өз кезегінде қатардағы азаматтардың материалдық жағдайының нашарлауына септігін тигізді. Соғыс жылдары Қазақстанда мал базы саны азайып, оның жаппай қырылуы екі есе артты: «...Қазақстан тұрғындары аштық шегінде өмір сүре тұра, соңғы нан түйірін женіске беріп отырды»³. Азық жетіспеушілігі өз алдына, пайдакунемдік және зорлық бағытындағы қылмыс көлемінің артуына алып келді. 1943 жылдың 2 желтоқсандағы ҚазКСР КПОК(б) мен ХҚК республикалық милиция басқармасына нан карточкасы мен астықты ұрлауға қарсы құресті қүшету міндетін жүктеген «Нанды үнемдеу және шығындау туралы» Қаулы қабылдады.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыспен құресу мәселелерін шешумен қатар ПО қызметкерлері халықтың еңбегін мобилизациялауға, қорғаныс өнеркәсіппері мен ауыл шаруашылық кәсіпорындарынан қашқындарды іздестіру арқылы өндірістік кәсіпорындарды еңбек күшімен қамтамасыз етуде зор үлес қосып, еңбекшілерге астық жинау, техниканы жөндеу, көмір өндіруге көмек көрсетіп отырды.

1943 жылдың ақпан айында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметтік киімін ауыстыру туралы шешім қабылдады. Кадрларды тәрбиелеуде және бүкіл жұмыс дәрежесін жоғарылатуда ең маңызды жол ішкі істер органдарында кең тараған әлеуметтік жарыс болып табылады. Әлеуметтік жарыстың қорытындалары жиналыштарда талқыланатын, женғендерді марапаттау қағаздарымен құттықтайтын, медальдар, бағалы сыйлықтар, сыйақылар табыс етілетін.

Қазақстан ПО қызметкерлерінің істері қоғамдық тәртіпті нығайту және қылмыспен құресу жұмыстары мемлекетпен жоғары бағаланды. 1944 жылдың 1 қантардағы жағдайларға байланысты ПО-ның 124 қызметкери 141 басқармалық грамоталармен марапатталды, оның ішінде КСРО ордендерімен — 62 адам, медальдармен — 65 адам⁴.

Қазақстан милициясының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қоғамдық тәртіпті нығайту, қылмыспен құрес, тылды бекемдеудегі ерен еңбегі, мінсіз қызметі, майдандағы жаумен шайқастағы қаһармандық ерліктері, майданға көмек көрсету, халықаралық қозғалысқа қатысадығы ықпалдастыры әрқашан Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісі болып қала бермек.

Резюме

В статье рассматриваются становление казахстанской милиции в годы Великой Отечественной войны и роль сотрудников органов внутренних дел в победе.

Resume

The establishment of Kazakh police during the Great Patriotic War and valuable labour of officers of the organs of internal affairs has considering in the given article.

-
- ¹ Плахутина В. Т., Незвигин Г. В. Развитие ОВД КазССР в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. — Караганда, 1977. — С. 12-13.
- ² Өтепов А. Ә., Ауланберген Р. Ә., Тилеуканова Д. Т. ҚР Ішкі істер органдарының тарихы: Дәрістер жинағы. — Алматы, 2011.
- ³ Сабитов Р. Р., Уразбаев Х. К. История Казахстана. — Караганда, 2001. — С. 114.
- ⁴ Абишев Р. Казахстан в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. — Алматы, 1958. — С. 40-45.